

ТУҒЫ

ТІНІН, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
АЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

рь Сәрсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Қазақстан большевиктерінің V съезі быйыл егіс көлемін ұлғайтумен бірге, егін өнімін арттыру жөнінде партия, совет ұйымдарының және ауылшаруашылық орындарының, сол сыяқты, барлық егіншілердің алдына күрделі міндет қойды. Бұл міндетті аброймен орындау үшін алдымыздағы көктемгі егіске әрбір колхоз бен совхозда сортты тұқымды жеткілікті мөлшерде әзірлеп алатын болайық.

ҚЫМ езеңі

рлов және аудан
председателі Гага
ақтап ойлаңдыруға

темгі егіс кезінде
и себуге әзірліктің
көне Преснов аудан
да да кенже қал
ар. Преснов ауданы
барлық тұқымдық
ана тазаланды, ал
ншіткі сапасы тү
оридесінде әлі күр
сок.

й партизан», Жда
Молотов атындағы
азалауға күші бүгін
ыр. Мұндай жағдай
емес. Сондықтан
комитетінің сек
не аудандық Совет
і Макаров жолдас
рлық егіс көлеміне
ім себу жөнінде пе
шылық жұмыс тын
тырып ештеде ай

темгі егіске сапалы

Не ексең—соны оарарсың

**—Сіздер колхоздар мен
совхоздардың көлемгі
егіске тұқым
әзірлеу күресін қалай
басқарып отырсыздар?**

«Ленин тұы» газетінің редакциясы жуырда облыс колхоздары мен совхоздарының және машина-трактор станцияларының бірқатар агрономдарына осындай сұрақ қойды. Жоғарыда аталған сұраққа бірқатар агрономдардан жауап келіп түсті. Бүгін агрономдардан келген жауап хаттарды жариялап отырмыз.

Преснов МТС-нің участоктік агрономы Ефремова, Чистов астық совхозының бас агрономы Кригер және Булаев аудандық тұқым шаруашылығының «Страна Советов» колхозындағы агрономы Дурсев жолдас-тар аталған шаруашылықтарда көктемгі егіске тұқым әзірлеудің жайы және тұқым әзірлеуге өздерінің қалайша басшылық жасап отырғандықтары туралы баяндайды.

Бірақ, газетіміздің бүгінгі басмақаласында айтылып отырғандай, облыс колхоздарын тұтас алғанда көктемгі егіске арнап тұқым құюдың жайы ойдағыдай болғанымен, сол құйылған тұқымды егіске әзірлеудің, атап айтқанда, тұқым қорын егістік

Сапалы тұқым—мол өнім кепілі

Преснов МТС-нің қамтуындағы бірқатар ауылшаруашылық өртелдері Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің «Республиканың колхоздары мен совхоздарында дөңді дақылдардың шығымдылығын арттыру шаралары туралы» қаулысын басшылыққа ала отырып, егіс тұқымын әзірлеуде елеулі жұмыстар істейді. Мәселен, «Победа» колхозының мүшелері бұл күндері қолда бар тұқымды өлгіштік кондицияға жеткізе өңдеп жатыр.

Шығында, ауылшаруашылық артелінде алғашқы кезде тұқым бірден сапалы тазаланбады. Өйткені, дән тазалайтын «ОС—10» машинасының қуаты да, оның сана көрсеткіштері де өз дәрежесінде пайдаланылмады. Осының салдарынан тазаланған тұқым сана байқайтын лабораторияның анықтауы бойынша негізінен өлгішті сортты дән табылып, қайта өңдеуге берілді.

Тұқымды агротехникалық ережелерге сәйкес кондицияға жеткізуде жоғарыда айтылған мәшинаның тиімді пайдаланылуы қажет болды. Бұл істе колхозшыларға МТС механизаторлары көп көмек көрсетті. Олар кездескен кемшіліктерді то-

лігін және егіс алаңдарының аудандас-тырылған тұқыммен қамтамасыз етілетіндігін көрсетеді. Колхозда жоғары өнім беріп жүрген бидайдың «Смена» сортты тұқымы қоры да бар. Көзір оның 1000 центнерден артығы тазартылып, шығымдылық дәрежеге жеткізілді.

Алғашқы кезде, көбінесе участоктік агроном ретінде тиісті бақылау және нақтылы көмек жасай алмаған мәнін кінәмен, тазаланған тұқымның арасында түрлі қоқыстар: үсақ сабан, түйір балшық, жарылған дән, қара сұлы араласып кетіп жүрді. Көзір біз мұның барлығын дерлік жойдық. Сондықтан да тұқым сапалылығы жағынан көзір кондицияның талаптарына жауап бере алады.

Бірақ мұнымен қанағаттануға болмайды. Агротехникалық методикалық ережелерге сәйкес тазаланған тұқымды сана байқау лабораториясы арқылы жиі-жиі пәксеріп отыру қажет. Сонда ғана барлық тұқымдық дәннің жоғары сапалы болуын қамтамасыз ете аламыз.

Тұқымды тазалап, құюмен ғана іс бітпейді. Бүгінгі талаптарға сай дөңді дақылдардан жоғары өнім алу үшін әлі де бірқатар маңызды шараларды жүзеге асы-



Петропавл ауданының тұқым сапасын байқайтын лабораториясы лабораториялық жұмыстың өндірістік жоспарын 117 процент орындады. Тұқымның анализін жасауда лаборантка А. Орлова жолдас

Сөйтіп, ол барлық егіс көлеміне сортты тұқым себу сияқты маңызды іске зор нұқсан келтіру қауіпін туғызып отыр. Осының салдарынан колхозда күні бүгінге дейін 70 центнердей ғана тұқым тасаланды. Осы ауданның Калинин атындағы колхозында 5000 центнер тұқым бар. Бұл колхоздың басшылары да құбылған тұқымның күні бүгінге дейін бестен бір бөлегінің ғана тазартылғанына төзімділік жасап келеді. Ал, тұқымның өңіштік сапасын тексеру үшін оның үлгісін тұқым тексеру лабораториясына апаруды колхоз басшылары мүлдем естен шығарғанға ұқсайды.

Ауданның Стаханов атындағы, Ленин атындағы, «Новый путь» және Буденный атындағы колхоздарында да істің жайы осындай. Бұл айтылғандардың барлығы, жалпы алғанда, Булаев ауданында келесі көктемгі егіс кезінде жаппай сортты тұқым себуге әзірліктің қанағаттанғысыз жүргізіліп отырғандығын сипаттайды. Бұл жағдай аудандық партия коми-

тардан түсіп жатқан хабарларға қарағанда, тұқымға арнаған дәннің сақталуы нашар екендігі, оның басқа қажетке жұмсалып жүргендігі бейқалады. Бұл колхоздар мен совхоздардың шаруашылығына және келесі жылы егіннен мол өнім алу мүддесіне жат әдет. Олай болса мұндай жат әдет жолына түсушілерді держесінде қарап жазалап отыру керек. Бұл жөнінде агрономдар шын мағынасында ұйымдастырушы да, бақылаушы да бола білуге тиіс. Қолда бар тұқымды мұқият сақтау, оның толық күйінде егінге алаңға себілуіне жетісу — сәлдімен агрономдардың міндеті.

Қазақстан большевиктерінің V съезі бйымы егіс көлемін ұлғайтумен бірге, өнім өнімін арттыру жөнінде партия, совет ұйымдарының және ауылшаруашылық орындарының, сол сияқты, барлық егіншілердің алдына күрделі міндет қойды. Бұл міндетті аброймен орындау үшін алдымыздағы көктемгі егіске әрбір колхоз мен совхозда сортты тұқымды жеткілікті мөлшерде әзірлеп алатын болайық.

— 00 —

Кемеңгер көсеміміз В. И. Лениннің қайтыс болған күніне арналған салтанатты-қаралы мәжіліс

Бұрнағы күні, облыстық драма театры үйінде еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советінің партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының, қоғамдық ұйымдар мен еңбекшілер қоғамдарының өкілдерімен бас қосқан, совет мемлекетінің негізін қалаушы, данышпан ұстазымыз Владимир Ильич Лениннің қайтыс болуына жыйырма сегіз жыл толуына арналған салтанатты-қаралы мәжілісі болды. Мәжіліске қала еңбекшілері, кәсіп орындары мен темір жол транспортының озат стахановшылары, таңдаулы мұғалімдер, инженерлер, дәрігерлер қатысты.

Мәжілісті еңбекшілер депутаттары қалалық Советі атқомінің председатели Савин жолдас ашты. Мәжіліске қатысушылар орындарынан тұрып совет халқы

ның және бүкіл прогресшіл адамзаттың ұстазы Владимир Ильич Ленинді еске түсірді.

Зор өрлеу үстінде мәжілістің құрметті президиумына БК(б)П Орталық Комитетінің И. В. Сталин жолдас бастаған Саяси Бюросы сайланды.

Қазақстан К(б)П Петропавл қалалық комитетінің секретары Поцелуев жолдас «Лениннің жолымен, Сталиннің басшылығымен Ленинсіз өткен жыйырма сегіз жыл» деген баяндама жасады.

Баяндамадан кейін мәжіліске қатысушылар зор өрлеу үстінде бейбітшіліктің ұлы ту көтерушісі, ленинизм ісін данышпандықпен алға апарушы И. В. Сталин жолдасқа хат қабылдады.

де егіске жоғары сапалы тұқым әзірлеу міндетін мінсіз орындайтын болайық. Ол үшін кәзіргі кейбір колхоз, совхоздарда орын алып отырғандай бейғамдықты, іске атуге қараушылықты тез және біржолата жою керек. Тұқым тазарту жұмысы нақтылы ұйымдастырылып, оған күн-бе-күн басшылық жасалсын. Әрбір колхоз мен совхоз сортты тұқыммен қамтамасыз етілсін!

қысқа мерзім ішінде ережелерге сай аяқтау жөніндегі социалистік жарысты кеңінен өрістеті отырып, жұмыстың бұл саласында жаппай еңбек өрлеуіне жетісті. Олар жарыста алған өздерінің мұндай көтермекі міндеттемелерін аброймен орындап шықты. Төртінші бөлімшенің егіншілері Р. Беренгерт, М. Ангалыт және М. Плотникова, М. Суховая жолдасар тұқым тазалауда үздік

Чистов аста

ТУҒАН елім

Антонина Жандарова мен Ольга Агафонованың жаңа табыстары

18 январь күні Люблин құю-механикалық зауытының токарі А. Жандарова бірден екі тохарь станогінде жұмыс істеп, айлық тапсырманы аяқтады. Январь тапсырмасын оның сменасын ауыстырушы көп станокта жұмыс істейтін О. Агафонова да орындады. Стахановшылар берген барлық өнім — мінсіз жоғары сапалы өнім. Январьдағы жұмыс істеген күндерінің еңбек өнімділігін Жандарова 28,3 процент, Агафонова 45,3 процент арттырған; Жандарова өнімнің өзіндік бағасын 9,3 процент, Агафонова — 7,6 процент кеміткен.

— Біз қол жеткен табыстарға қанағаттанып қалмаймыз, — деп мәлімдеді А. Жандарова және О. Агафонова жолдас-тар.

Жаңалық тапқыштардың бастамасын заводтың мындаған жұмысшылары қолдауда. Кәсіпорны, өткен жылға қарағанда, жаңа жылдан бастап жоғары қарқынмен жұмыс істеуде.

(СОТА).

АЯҚКИМ БЫЛҒАРЫЛАРЫН БОЯУДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚ

ССРО жеңіл өнеркәсіп Министрлігінің былғары кәсіпорындарында жасанды смолаларды қолданумен былғарыларды бояудың жаңа әдісі қолданылуда.

Болу есетін қымбат табиғи заттарды керек етпейтін бұл жаңа әдіс түрлі түсті былғарылар өндіруді көбейте, былғары бояуларының түсін жоймауына мүмкіндік береді, аяқкиімдердің гигиеналық қасиеттерін жақсартады.



Комунизмнің ұлы құрылыс СУРЕТТЕ: (Солдан оңға қарай) Одесса. Оңт. мындағы суармалы жерлерде мақтаның жаңа сорттағылық-генетикалық институттың ғылыми қызметкерлері 2. Еділ-Дон құрылысы, Дон архитектуралық зауыды арналған дайын бөлшектерді байқау.

МЫСЫ

олап, оқу керек

материалдар-

корыту — сауапты әр-зінің «Им-жағарғы са-шін, еңал-оқып, олар-аған,

алғаннан арын, демек, мәселелерін П. Лениннің деген еңбегінің жоспары, мкін:

тарихи ролі

пролетариат

т және про-а маркстік а.

кетет және алы маркс-

лекция-Өдетте лек-ртусыз то-лды терең қателесуден тәртіппен

ас бұрын са жолдас-лудың өте тордың өзі ып, оны тақ, лек-аяси өзір-е де бола-

қа пайда бермейді. Ленин шетел сөздерін пайдаланғанда, сол жерде оған толық түсінік беретін.

Егер лекция әсерсіз оқылса, мақсатқа жетпейді. Сондықтан, лектор аудиторияны өзінің ықпалына аударып алатындай болуы қажет. Лекцияны тектен бас алмай оқу, тыңдаушыларға назар аудармау зиянды әдет.

Лекция үш бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды. Кіріспеде лектор тыңдаушыларға тақырыпты түсіндіріп, оның кәзіргі жағдайдағы маңыздылығын айтуы керек.

Мәселен, В. И. Лениннің «Мемлекет және революция» деген еңбегі бойынша оқылатын лекцияның кіріспесінде бұл еңбектің жарыққа шыққан кездегі тарихи жағдайлар сөз болады. Лекцияның негізгі бөлімінде бұл кітап бойынша лектор мемлекет жөніндегі барлық мәселелерді баяндап, Лениндің қағидаларды көлте-реді, тағысып тағылар.

Алайда лекция оқумен әлі іс бітті деп есептеуге болмайды. Лекцияда оқылған материалдарды тыңдаушылардың қойған сұрақтарына жауап берумен бекіту керек. Сұрақтарға жауап беру үшін асықпаған дұрыс. Кейде жауап беру қиыны болады, ондай жағдайда лектор ұялмай, кәзір жауапқа әзір еместігін айтып, бұл сұраққа даярланып келіп, толығырақ жауап беретінін білдіруі жөн.

Лекцияны түсінікті етіп оқу үшін көрнекі құралдарды: картаңы, картинаны, документті, портреттерді, диаграммаларды кеңінен пайдалану қажет. Кейбір лекторлар көрнекі құралдарды тек ғылыми-жаратылыс тақырыптарда оқылған лекцияларға ғана пайдалану керек деп ойлайды. Бұл дұрыс емес. Әрбір лекцияға, соның ішінде теориялық тақырыптар-

Игілікті іс

Ұсақ колхоздардың ірілендірілуі колхоз шаруашылығын барған сайын нығайта беруге, колхозшылардың мәдени және тұрмыстық дәрежесін үздіксіз жақсартуға қосымша зор мүмкіншіліктер ашты. Мұны Полудень ауданындағы Киров атындағы колхозтың экономикасының үздіксіз нығаюынан айқын көруге болады. Бұл — іріленген колхоз. Мұның негізгі шаруашылығы — егін және мал шаруашылығы. Колхозшылар қолда бар күш-мүмкіншілікті іске ұқыпты пайдалану және жанаямай еңбек ету нәтижесінде, іріленуден кейінгі дәуірде шаруашылықтың бұл салаларында бірқатар табыстарға ие болды. Колхозда қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендету жөніндегі үшжылдық жоспар барлық тұлға бойынша толық орындалды. Сол сияқты, өткен жылы бітік егін өсірілді, мемлекетке жоспарлан тыс көп астық тапсырылды.

Колхоз мүшелері мұндай қолжеткен табысқа қанағаттанбай, колхоз шаруашылығын алдағы уақытта да нығайта беруді көздеп, бұл жөнінде өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алып отыр. Бұл үшін олар мал шаруашылығындағы және егін шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға жете көңіл бөледі.

Үстіміздегі жылы кәзіргі электр станциясы толық қуатымен жұмыс істейтін болады. Сол сияқты, электр қуатымен май айырғыш машина, дірмен және ағаш кесетін қуатты ара жұмыс істейді. Бұл міндеттерді жүзеге асыру жөніндегі шаралар кәзірден бастап қолға алынды.

Электр қуаты басқа жұмыстарға да кеңінен пайдаланылады. Мәселен, үстіміздегі жылы астық тазалау, астық тиесу және астық түсіру сияқты жұмыстар тікелей механика күшімен атқарылады. Бұл шара жүзеге асырылса, 52 адам егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарынан босайды да, басқа жұмыстар атқарады.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНИҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 21 январь. (СОТА). Корей Халық -Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі бүгін Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен тығыз бірлесе қыймыл жасай отырып, бұрынғы алып тұрған шептерінде қорғаныс ұрыстарын жүргізумен болды деп хабарлайды.

Кеше Шығыс майданда ерекше өзгеріс болған жоқ. Жекелеген учасқотерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды және екі жақ бірдей артиллериядан күшті ок жаудырысумен жауап беріп тұрды. Халық армиясының бөлімдері дұшпанның екі атакасын тойтарып, оны елеуді шығындарға ұшыратты.

Орталық майданда Хвачхоньның сол-

түстігіне таман Кымхва ауданында танктер мен артиллерияның қолдауымен маңызды биіктерді алуға тырысып, жау бірнеше рет күшті атақалар жасады. Артиллерия мен мылтықтардан жаудырылған оқтан үлкен шығындарға ұшырап, жау кейін шегінді. Осы ұрыста Халық армиясының бөлімдері дұшпанның 400-ден астам солдаттары мен офицерлерін өлтірді, жаралады және тұтқынға алды. Жаудың 3 танкін және 10-нан астам автомашинасын жойып жіберді.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолетін аңдып атқыштар Вонсан, Хамхын, Аньчу аудандарындағы бейбіт елді бомбалауға әрекеттенген жаудың 5 самолетін атып түсірді.

КОРЕЙ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ДЕЛЕГАЦИЯЛАРЫНЫҢ ТРАНСПОРТ КОЛОННАСЫНА АМЕРИКАН САМОЛЕТТЕРІНІҢ ШАБУҢ ЖАСАУЫ

ПЕКИН, 19 январь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің арнаулы тілшісі Кэсоннан мынадай хабар берді:

Кеше американ самолеттері біздің делегациямыздың автомашиналарын бомбалап, атқылады. Келісімдерді мұндай жаңадан бұзушылық, біздің жағымыз Кэсонның бейтарап аймағын американ самолеттерінің 17 январьда бомбалауына қарсы наразылық білдірген күннің ертеңіне болып отыр.

18 январьда, 16 сағат 40 минутта Ханьпоки көпіріне таяу жерде американ самолеттері Пхеньяннан Кэсонға бара жатқан корей және қытай делегацияларының 3 автомашинадан құралған транспорт колоннасына шабуыл жасады. Екі жақ арасында жасалған келісімге сөйкес бұл транспорт колоннасы Пхеньяннан тан ертеңгі сағат 6-да шыққан болатын. Келісім бойынша әрбір автомашинаның төбесі қызыл матамен жабылған еді және алдарында қызыл жалаулары бар еді. Американ реактивтік самолети бұл транспорт колоннасын көріп және оның үсті-

ның автомашиналарына шабуыл жасаған болатын, ал, делегациялардың осы тас жолмен баратындығы жөнінде өзара келісілген болатын.

Бүгін біздің жағымыздың байланыс офицері полковник Чан Чен Сан екінші жақтың байланыс офицері Мэррейге ба-тыл наразылық білдірді.

Кәзір, мен американдардың осы арандатушылық әрекеттері туралы хабарды жазып отырған кезімде, американ самолеттері Кэсонның бейтарап аймағының әуесін шарлап тағы ұшып жүр.

Қытай Халық республикасының солтүстік-шығыс жағының әуесіне басып өткеннен бергі, 12 январьдан бергі алты күн ішінде екінші жақ 4 рет арандатушылық әрекеттер жасады. Бұл арандатушылық әрекеттер, екінші жақтың біздің ішкі істерімізге қол сұғуын қамтамасыз ететін өзінні есуастық және тоңмойндықпен істеп отырған талабын конференцияға еріксіз таңуға шамасы келмейтіндігіне көзі жеткендіктен себептері іске асырмай-

...жылдың бұл кемшіліктерін жа...
оқу жылына әзірлікте мықтап ескер...
Расписание жасағанда кейбір пән...
рден, мәселен, партия тарихынан тың...
ушыларға таныс, жеңіл тақырыптар...
н программадағы сағаттарын аздап...
кемдеу арқылы ғана емес, сонымен бір...
белгілі күндері қосымша сабақтар өт...
зу жолымен өткен жылдың кемшілікте...
н жойып келеміз. Қолданып отырған...
араларымыз оқу жылының аяғына де...
н екі жылдық программаны толық өтіп...
ындаушыларға тиісті дәрежеде білім бе...
ге мүмкіндік туғызады.

Быйыл мектепте сабақ беру система...
н негізінен өзгерттік. Әрбір оқытушы...
н даярлануына көбірек уақыт беру...
қасатын көздеп, бір пәнді, мәселен, пар...
тия тарихы сыяқты негізгі пәнді өткен...
елдары бір кісі оқытатын болса, қазір...
ы үш кісі кезектесіп жүргізеді. Бұл...
ндай оқытушының даярлануына жеткі...
тті уақыт болуын және сабақты ойда...
ндай өткізуді қамтамасыз етеді. Партия...
тарихынан және партия, совет құрылы...
нан аудандық партия комитетінің сек...
тары Коваленко, аудандық атқару ко...
теті председателінің орынбасары Шүш...
жолдастар және мен сабақ беремін.

партия тарихының тарауларын өзара...
білім алдық. Әркім өзі оқыған тақырып

тервенциясы және азамат соғысы кезін...
де» деген тақырыптан сабаққа әзірленген...
де, оқу құралы мен программада көрсет...
ілген марксизм-ленинизм классиктерінің...
еңбектерінен басқа қосымша материалдар...
ды: «Азамат соғысы тарихын», В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің сол кезде бір...
-біріне жазысқан хаттарын, көркем әде...
биет кітаптарынан Никитиннің «Солтүстік Аврора», тағы басқа кітаптарды оқы...
дым.

Осындар кейін тақырыпты үш сабаққа...
бөліп, әрбір сабақ бойынша конспект...
жасадым. Конспектіде тақырыптың не...
гізгі мәселелері қамтылуын, партиямыз...
дың сол кездегі тарихының қазіргі жағ...
дайлармен байланыстырылуын, әсіресе...
американ-ағылшын империалистерінің Со...
вет еліне деген зулымдық саясатын нақ...
тылы фактілермен көрсетуді қарастыр...
дым. Бұдан кейін конспектімді басқалар...
дың талқылауына бердім.

Класса сабақ өткізу жаңа материал бой...
ынша лекция оқудан басталады. Мұнан...
кейін семинар сабағы өткізіледі. Партия...
мектебінің оқытушылары лекцияны күн...
ілгері жасалған жоспар конспекті бойын...
ша оқиды. Партия тарихының альбомы, карталар сыяқты көрнекі құралдар толық...
пайдаланылады.

Нұсқаушылардың семинары

Қызырда Мамлют аудандық партия ко...
еті өзінің бөлімдеріндегі және аудан...
комсомол комитетіндегі нұсқаушы...
ның екі күндік семинарын өткізді.

Семинарда аудандық партия комите...
т секретарьлары мен бөлім меңгеру...
ері коммунистер мен комсомолецтердің...
і, басшы партия, кәсіподақ, комсо...
м органдарының сайлауын өткізу, ау...
ылдық партия комитеті бөлімдерінің жұ...
мындағы өзара байланыс, бастауыш

партия ұйымдарына басшылық және...
көмек туралы баяндамалар жасап, түсі...
нік берді.

Бұл семинар нұсқаушылардың, әсіресе...
мен сыяқты жас нұсқаушылардың пар...
тия жұмысын жете білуіне көп көмек...
жасады. Мәселен, мен бұрын аудандық...
партия комитетінің насихат және үгіт...
ауылшаруашылық бөлімдерінің жұмысын...
нақтылы білмеуші едім, қазір ол бөлім

лықтырады. Осынан кейін оқытушы кө...
рытынды жасап жыйнақтайды.

Ал, семинар сабақтарын тек сұрақ-жа...
уап әдісімен өткізсек, партия мектебінен...
насихатшы кадрлар даярлап шығару мін...
детін айтарлықтай орындау қиыны сыяқ...
ты. Сұрақ-жауап әдісі тыңдаушылардың...
ой-өрісін мейлінше кеңейтуге, партия тар...
ихының барлық мәселелері бойынша...
терең білім алуына тиісті мүмкіндік жа...
самайды. Партия мектебінің сабағын...
ұйымдастырудағы кейбір тәжірибеміз осын...
дай.

Бірақ мұның бәрінен кешкі партия...
мектебінің жұмысында кемшіліктер жоқ...
деген ұғым тұмайды. Тыңдаушылар тара...
пынан әлі де болса, түрлі командировка...
ларды сылтау етіп, сабаққа келмей қалу...
шылық та кездесіп жүр. Кейбір тыңдау...
шылар үйге берілген тапсырманы орын...
дап келуге салақ қарайды.

Аудандық партия комитеті бұл кемші...
ліктерді жедел жойып, мектепте програм...
малық материалдарды толық өрі терең...
етіп, тыңдаушыларға тынақты білім...
беруді алға басты міндет етіп қойып...
отыр.

М. БАЙБАТЫРОВ,

ҚК(б)П Приешім аудандық комитеті
насихат және үгіт бөлімінің
меңгерушісі,

ҚАРТ ЖЫЛҚЫШЫ

Аманжолды атындағы (Ленин ауданы)
ауылшаруашылық артелінің жылқышысы
Бейсенбі Жапаров колхоздың қоғамдық
жылқысын өсіре беру жөніндегі өзінің
міндеттемесін аброймен орындап келеді.
Ол колхоздағы биелердің бірде-біреуінің
қысыр қалмауына жетісті. Әрбір биеден
бір-бір құлын алып, оларды шығынсыз
өсіргені үшін колхоз басқармасы Бей...
сенбі Жапаровқа сыйлыққа бір жабағы
берді.

Н. БАЙМАНОВ.

ҮЛГІЛІ ХАТ ТАСУШЫ

Октябрь ауданындағы «Қызыл ту» кол...
хозының хат-хабар тасушысы Саден...
Бекбақов жолдас өз ісіне жауаптылықпен...
қарап, колхозшылардың, ауыл-село...
интеллигенциясының тілегін мұқият...
орындап келеді. Колхозшылар 1952 жыл...
ға жазылған газет-журналдарын дер...
көзіне алып, күнделікті хабарлармен...
танысып отырады. Мұнда 41 дана...
«Ленин туы», 50 дана аудандық «Бол...
хозное знамя», 30 дана «Социалистік...
Казахстан» газеттері, 11 дана халық...
мұғалімі журналы, 25 үгітшілер блок...
ноты және басқа да журналдар алына...
ды.

Н. АСЫЛТАЕВ.

80 үйде репродуктор бар

Киров атындағы (Приешім ауданы)
ауылшаруашылық артелінің мүшелері...
жұырда ғана орнатылған радио торабы...
арқылы Москва, Ленинград, Алматы, Қа...
зан қалаларынан хабар тыңдап, ән-күй...
лер естіп қуанысты. Езгір 80 колхоз...
шының үйіне репродукторлар орнатылды.
Радио торабының жұмыс істеуі жақсы.

Н. ЖУМАҒҰЛОВ.

ПЕКИН, 21 январь. (С...
агенттігінің Токиодан бер...
қарағанда, Жапонияның...
соңғы екі жылдың ішінде...
құсство, кино және ғылы...
бейбітшілік ісіне көрнекті

АҚШ

ВАШИНГТОН, 21 янв...
Қорғаныс Министрі бүгін...
хитының Солтүстік-Ба...
АҚШ Атлантика блогінің...
лады деп хабарлады. Үш...
тын маневрге құрғаққа о

Га

„Киномеха

Газетіміздің өткен жылғы...
дегі санында осы тақырып...
ғай тілші хатында Ленин...
нофикация бөлімінің «Бір...
ның колхозшыларын кино...
ты қамтый алмай отырға...
болатын.

Ленин аудандық кинофир...
мен алынған хабарда тілші...
сетілген фактілер толық

К

«УДАРНИК» кино-театр

«АНТ»

Секинстар сағат 4-6-да

**ПЕТРОПАВЛДЫҢ А...
ШЫЛЫҚ ТЕХНИКУМ...
ШАРУАШЫЛЫҚ**
бухгалтер және мал дә...
ник КЕРЕҒ.

Адрес: Петропавл қа...
алаңы, 30-үй. Телефон...
шаруашылық техникумы

КАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары —
партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33.2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон